

# **СБОРНИК СТАТЕЙ**

**Международной научно-практической  
конференции молодых ученых**

**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:  
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
XXI СТОЛЕТИЯ.**

**ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»,  
посвященной 25-летию со дня основания  
Евразийского национального университета  
имени Л.Н. Гумилёва**

**25-26 февраля 2021 года**



**г. Нур-Султан, 2021**



**СБОРНИК СТАТЕЙ**  
**Международной научно-практической**  
**конференции молодых ученых**  
**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:**  
**НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО СТУДЕНТОВ**  
**XXI СТОЛЕТИЯ. ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»**

*25-26 февраля 2021 года*

г. Нур-Султан, 2021

**УДК 80/81**

**ББК 81.2**

**Н90**

*Рецензенты:* И. Любоха-Круглик - д.ф.н., профессор (Польша)  
Л.Е. Беженару - д.ф.н., профессор (Румыния)

*Под общ. ред. - д.ф.н., проф. К.Р.Нургали*

**Члены редколлегии:** д.ф.н., проф. К.Р.Нургали, к.ф.н., проф. Мукажанова Л.Г., маг. Азкенова Ж.К.

**Н-90** «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки»: сборник статей по материалам Международной научно-практической конференции (25-26 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). / Под общ. ред. д.ф.н., проф. К.Р.Нургали. – Нур-Султан: ЕНУ, им.Л.Н. Гумилёва, 2021. – 591 с.

**IBSN 978-601-337-505-2**

Данный сборник статей состоит из материалов, представленных на юбилейной Международной научно-практической конференции «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки» (25-25 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). Доклады участников этого научного форума представляют собой результаты исследований молодых ученых по литературоведческим и лингвистическим проблемам, а также вопросам современных методик анализа литературных произведений, переводоведения, образования в условиях пандемии. Многоаспектность тем выступлений – свидетельство интересов современных студентов, которые отличаются широким кругозором и высокой научно-методической подготовкой к научным исследованиям.

Участники данной конференции представляют вузы, которые являются многолетними партнёрами по международному академическому сотрудничеству. Так, перед широкой аудиторией выступили студенты, магистранты, докторанты и аспиранты вузов Казахстана, Российской Федерации (г.Москва, г. Казань, г. Таганрог, г. Ставрополь), Польши (г.Катовице), Румынии (г.Яссы), Турции (г. Анкара) и др.

Данный сборник может быть рекомендован обучающимся образовательных программ по филологическим и педагогическим направлениям.

**IBSN 978-601-337-505-2**

**УДК 80/81**

**ББК 81.2**

©ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2021

**Abstract:** The article is devoted to the study of A. N. Ostrovsky's dramas ("Mad Money", "Without a dowry") in translations into Bashkir and Tatar languages. It is determined that the differences between the original and the translations are due to the structural differences between the Russian and Turkic languages. It can be concluded that the translated texts have undergone changes in the stage interpretation. They are caused by the director's idea, as well as the peculiarity of the dramatic incarnations of the plays.

**Keywords:** translation, poetics, A. N. Ostrovsky, stage interpretation, G. Shamukov.

## GOOGLE ЖӘНЕ ЯНДЕКС МАШИНАЛЫҚ АУДАРМА ЖҮЙЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАЗБАША МӘТІННІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

*Тәжиева Д.Б.*  
*магистрант 1 года обучения*  
*ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, г. Нур-Султан, Казахстан*  
[danchic99@mail.ru](mailto:danchic99@mail.ru)  
*Научный руководитель – Кызырова А.М.*  
*к.ф.н., доцент*  
[kuzyrova888@mail.ru](mailto:kuzyrova888@mail.ru)

Машиналық аударма мәселесі қолданбалы лингвистика, атап айтқанда компьютерлік лингвистика саласына кіреді. Машиналық аударма жүйелері кибернетикалық модель жасау аясына қатысты болуы себепті шет тіліндегі мәтінді ана тіліне және керісінше аудару тұсындағы адамның тілдік әрекеті арқылы іске асады [1, 599 б.]. Қазақ тілінің компьютерлік қорына кіретін материалдар: көркем әдебиет, көсемсөз, ғылыми-көпшілік әдебиет пен оқулықтар; М. Әуезовтың 20 томдық шығармалар жинағы; жиілік сөздердің негізінде қазақ сөздерінің әр стильде және әр көлемді мәтіндерде қайталануының статистикасы; сөзтұлғалардың құрылымдық статистикасы мен пайыздық салмақтарының әр сөз таптарына қатысты айқындамасы; сөз таптарының математикалық статистика мен ықтималдық теория заңдылықтарына бағыну-бағынбау жағдайларының анықтамалығы; «ТІЛ – ҚАЗЫНА» автоматтандырылған компьютерлік картотекалық қоры; ҚР БжҒМ А. Байтұрсынұла ат. Тіл білімі институтының түсіндірме, екі тілдік, бір тілдік сөздіктері [2, 195 б.].

Машиналық аударма зерттеулері 1980 жж. соңына дейін ереже, яғни, белгілі бір тілдің синтактикалық анализ, лексика, морфология, т.б. заңдылықтары негізінде жүргізіледі. 1989 жылдан бастап машиналық аударма корпус-негізді бағытын дамыта бастайды. Ол аудармада сөз сәйкестігінен гөрі, морфология мен синтаксис туралы ақпаратты қосу және сөздік пен тезаурус көздерін қолдану арқылы сөздердің өзара тікесуін талдайды. Мазмұны бір мәтіннің екі тілді нұсқасы алынады да, сәйкестіктер сатистикасы құрылады. Осы мәтіндер бір немесе екі тілді корпус болып табылады [3]. Тілдің ұлттық корпусы – бірнеше буын лингвист-лексикографтармен грамматикалық сөздіктерін қосу арқылы құралған тіл туралы бірегей инновациялық анықтамалық. Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары 1 млн. Сөз қолданыстан тұратын

«Қазақ тілінің Алматылық корпусын» қалыптастыру жобасын әзірледі [4, 40-41 бб.].

2016 жылдың қыркүйек айында «Google Translate» өзінің нейронды машиналық аударма жұмысын жариялады [5]. Нейронды машиналық аударма екі рекурентті нейронды тордан тұрып, олардың біріншісі түпнұсқаны талдаса, екіншісі табиғи тілде аударманы құрайды [6]. 2017 жылдың 14 қыркүйегінде «Яндекс.Переводчик» нейронды және статистикалық машиналық аударманың гибридін көшті. Статистикалық машиналық аударма сөйлемді сөз бен тіркестерге бөлсе, нейронды машиналық аударма толық сөйлемдерді бірден талдауға және нейронды тор көмегімен бір қалыпты тұрмай үйренуге қабілетті [7].

«Тіл – инстинкт» оқулығы жоғары оқу орындары студенттеріне, тіл біліміне және психологияға қызығушы көпшілікке арналған. Оны Ш. Құрманбайұлы, Е. Әбдрасилов және С. Иманбердиева «100 жаңа оқулық» жобасы бойынша қазақ тіліне аударды [8].

*As you are reading these words, you are taking part in one of the wonders of the natural world* [9, 15 б.].

Google: *Осы сөздерді оқи отырып, сіз табиғат әлемінің бір кереметіне қатысасыз.*

Яндекс: *Осы сөздерді оқи отырып, сіз табиғаттың гажайыптарының біріне қатысасыз.*

Осы мәтін монолог болып табылады да, бейресми, ақпараттық және ғылыми сипатқа ие. Автор мұнда «you» екінші жақ есімдігін жақсыз мағынада емес, оқырмандарына әсер ету мақсатымен қолданады. Google және Яндекс түпнұсқаның құрылымын сақтап екінші жақтың сыпайы формасын таңдайды да, бір-бірінен тек «one of the wonders of the natural world» көмекші сөз арқылы берілетін іліктестігін аударумен айрықша болып келеді. Google «табиғат әлемі» тіркесіне ілік септік жалғап, басыңқы мүшесі ретінде сан есіммен анықталған «кереметі» сөзіне тәуелдік жалғау қояды. Яндекс түпнұсқада сияқты басыңқы мүшесі ретінде затталған «бір» сөзін алады да, алдына екі матасу анықтауышын орналастырады.

*Осы сөздерді оқығанда, сіздер жарық дүниенің таңғажайып құбылыстарының бірін көргендей боласыздар* [10, 13 б.].

Кәсіби аудармашы оқулықтың бір адаммен емес, көпшілікпен оқылатынын біле отырып, бастауышына көптік жалғау жалғайды да, баяндауышын осыған сәйкес жіктейді. «Natural world» тіркесі «жануар, өсімдік және табиғатта адамның ықпалынсыз жаратылғанның барлығы [11]» дегенді білдірсе, «жарық дүние» жалпылау болып саналады. «Wonder» сөзі таңғажайып құбылыс ретінде нақтылау жолымен беріледі. «Take part», яғни «қатысу», «көргендей боласыз» мағынасы модуляция арқылы толықтырылып беріледі.

Бұл мысалда машиналық аударма түпнұсқа сөздерінің лексикалық баламаларын бастапқы синтаксистік құрылымында берсе, кәсіби аудармада көпшілікке түсіндіру мен анық қылу мақсатында сөздердің мағынасы біраз ашылады.

*For you and I belong to a species with a remarkable ability: we can shape events in each other`s brains with exquisite precision [9, 15 б.].*

G: Сіз бен біз керемет қабілетке ие түрлерге жатамыз: біз бір-біріміздің миымыздағы оқигаларды керемет дәлдікпен қалыптастыра аламыз.

Я: Себебі сіз екеуіміз керемет қабілетке ие түрлерге жатамыз: біз бір-біріміздің миымыздағы оқигаларды ерекше дәлдікпен қалыптастыра аламыз.

«You» және «I» сөйлемнің басында екінші мен бірінші жақтағы есімдіктер арқылы автор өзі мен оқырманды жеке атайды да, олардың арасында шек қоя отырып оқырманмен тікелей сөйлесу әсерін құрайды. Кейін осы сөйлемнің өзінде автор «we» көпше түріндегі есімдікті қолдану арқылы осы шекті бұзады да, айтып отырған қабілеттің ортақтығын дәлелдейтін сияқты. Google осы әрекеттің мақсатына жете алмай тұр, себебі «сіз бен біз» жеке айтылуы авторды оқырманынан одан әрі алшақ тұрғызады және кейінгі «біз» референті тек қана авторды білдіреді деген әсер тууы мүмкін. Яндекстің «сіз екеуіміз» бастауышы түпнұсқаға осы тарапта жақын. Яндекс одан бұрын тұрған сөйлеммен байланысын «себебі» себеп-салдар шылауы арқылы көрсетсе, Google оны мүлдем түсіріп тастайды.

*Біз, адамдар, бір-біріміздің бейнемізді санамызда таңғаларлықтай дәл көшіре алатын қабілетке ие тіршілік иелеріміз [10, 13 б.].*

Кәсіби қазақша нұсқасында автор мен оқырман жеке айтылмай, бірден осы стиль мен жанрдегі қазақ тілінің нормасына сәйкес бірінші жақ көпше түрдегі есімдікпен ғана берілмей, «адамдар» сөзімен оқшауланып нақтыланады. Сөйлем құрмаластан жай сөйлемге айналады, алдындағы бірінші сөйлеміне байланысу шылауы түсіріліп қалған, «shape events in each other`s brains» «бір-біріміздің бейнемізді санамызда көшіру» болып модуляциядан өтеді.

Бұл мысалда машиналық аударманың адамға қарағанда сөйлемді тірек сөздері мен мағынасын беру мақсатында ықшамдау қабілетсіздігі оның кемшілігіне айналады. Google мен Яндекс аудармалары мұнда бір-бірінен тым айрықша емес.

*I am not referring to telepathy or mind control or the other obsessions of fringe science; even in the depictions of believers these are blunt instruments compared to an ability that is uncontroversially present in every one of us [9, 15 б.].*

G: Мен телепатияға немесе ақыл-ойды басқаруға немесе шеткі ғылымның басқа обсессияларына жүгінбеймін; тіпті сенушілердің суреттерінде де бұлар біздің әрқайсысымызда дау тудырмайтын қабілетке қарағанда анық емес құралдар.

Я: Мен телепатия, ақыл-ойды басқару немесе маргиналды ғылымның басқа да обсессиялары туралы айтпаймын; тіпті сенушілердің суреттерінде бұл әрқайсымызда сөзсіз болатын қабілетпен салыстырғанда мылқау құрал.

Осы құрмалас сөйлемде «fringe» сөзі «көпшілікпен біртүрлі немесе шеткі болып саналатын адам немесе әрекеттер [12]» мағынасында қолданылады. Google «шеткі» баламасын берсе, Яндекс оны «маргиналды» болып аударды. Екеуі де осы сөздің баламасы болып саналғанымен, толық нұсқалары қазақ оқырманымен түсінілмеуі мүмкін. «Obsession» машиналық аудармамен термин

болып саналатын сияқты. «Depiction» сөзінің де «сурет» деген баламасы бар болғанымен, ол мәнмәтініне мүлдем келмей тұр. «Blunt instruments» түпнұсқада метафора ретінде қолданылатын сияқты, машиналық аударма оны «анық емес» немесе «мылқау» болып аударуға тырысады, бірақ олар сөзбе-сөз болып келеді.

*Мен телепатия, не болмаса, адамның ақыл-ойын бақылайтын немесе іргелес ғылымдардағы күрделі идеяларды айтып отырған жоқпын. Біздің әрқайсымызға тән сөйлеу қабілетімізбен салыстырғанда, ол идеяларды жақтаушылардың сипаттамаларына назар аударсақ, олар әлсіз, ыңғайсыз, икемсіз құрал ғана [10, 13 б.].*

Бір құрмалас сөйлем аудармада бір жай және бір құрмалас болып екіге бөлініп қалады. «Fringe» «шеткі» сөзінің синонимі «іргелес» болып аударылады да, «obsessions» «күрделі идеялар» болып басқаша айтылады. «Depiction» «сипаттама» ретінде мәнмәтінде әлдеқайда түсінікті. «Blunt instruments» «құрал» болып аударылады, бірақ аудармашы оның алдына бір емес, үш сын есімді басыңқы мүшенің метафоралық сипатына назар аударту үшін қояды.

Мұнда машиналық аудармалардың жұмысы біркелкі болмайтыны тағы да дәлелденеді, себебі олардың лексикалық балама мен грамматикалық байланыс жайлы шешімдері бірдей емес.

Қорытындылап келгенде, Google мен Яндекс бір сөздік қорымен жұмыс істей отырып, екі түрлі негізді электронды есептеуіш машина арқылы аударманы құрғандықтан, оларға мәтін енгізу нәтижелері бірдей емес, бірақ ұқсас. Жоғарыда көрсетілген мысалдар бойынша, олар кәсіби аудармашы қолданатын сөз, тіркес немесе сөйлем деңгейлеріндегі трансформациялардың орнына, тек түсіріп тастау сияқты қарапайым әдістерге қабілетті. Сонда да, машиналық аудармадағы синтактикалық құрылым мен сөздердің грамматикалық байланыс дұрыс беріледі. Лексикалық бірліктің кей кезде мәтінге сәйкес келмейтін баламасы таңдалатынымен, ЭЕМ-дың сөздік қоры оларды солай да аударуға жеткілікті. Осы бір ғылыми-көпшілік оқулықты аударуда қажет түпнұсқаның әсерін жеткізу қызметін орындай алмауы машиналық аударманың болашақ даму бағытын көрсетеді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Жұбанов А. Қолданбалы тіл білімінің мәселелері = Вопросы прикладного языкознания / А. Жұбанов. – Алматы: Арыс, 2008. – 640 б.
2. Жұбанов А.К. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе: оқу құралы / А.К. Жұбанов. – 2-бас. – Алматы : КИЕ, 2013. – 204 б.
3. J. Hutchins. Machine translation: a concise history. Journal of Translation Studies, vol.13, nos.1-2 (2010). Special issue: The teaching of computer-aided translation, ed. Chan Sin Wai. (Chinese University of Hong Kong, 2010); pp. 29-70.
4. Зекрист Р.И. Сандық лингвистика = Цифровая лингвистика: оқу құралы / Р.И. Зекрист, Н.Н. Исаева; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. – Алматы: Бастау, 2020. – 176 б.
5. <https://blog.google/products/translate/found-translation-more-accurate-fluent-sentences-google-translate/>
6. Yonghui Wu, Mike Schuster, Zhifeng Chen, Quoc V. Le, Mohammad Norouzi. Google’s Neural Machine Translation System: Bridging the Gap between Human and Machine Translation. – CoRR, vol. abs/1609.08144 (2016)

7. <https://yandex.com/company/blog/one-model-is-better-than-two-yu-yandex-translate-launches-a-hybrid-machine-translation-system/>
8. <https://100kitap.kz/kz>
9. Pinker Steven. The Language Instinct. – New York: First HarperPerrenial edition, 1995. — 435 p.
10. Пинкер Стивен. Тіл – инстинкт. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 386 б.
11. <https://www.merriam-webster.com/dictionary/the%20natural%20world>
12. [https://www.macmillandictionary.com/dictionary/british/fringe\\_1](https://www.macmillandictionary.com/dictionary/british/fringe_1)

**Аңдатпа:** Осы мақалада жазбаша мәтіннің Google және Яндекс аударма жүйелерімен қазақ тіліне аударылуы қарастырылады. Шыққан қазақша нұсқалары кәсіби аудармашылармен «100 жаңа оқулық» жобасы бойынша орындалған Стивен Пинкердің «Тіл – инстинкт» оқулығының аудармасымен салыстырылады. Екі түрлі машиналық аударма жүйесінің жұмыс сапасы мен аударма ісіндегі әлеуеті бағаланады.

**Түйін сөздер:** жазбаша аударма, статистикалық машиналық аударма, гибридіті машиналық аударма, нейронды машиналық аударма, 100 жаңа оқулық.

**Аннотация:** В этой статье рассматривается перевод письменного текста на казахский язык с помощью систем машинного перевода Google и Яндекс. Произведенные тексты на казахском сравниваются с переводом учебника Стивена Пинкера «Язык как инстинкт» выполненным профессиональными переводчиками по программе «100 новых учебников» на казахском языке. Оценивается качество работы двух разных систем машинного перевода в Переводческом деле, а так же потенциал в Переводческом деле.

**Ключевые слова:** письменный перевод, статистический машинный перевод, гибридный машинный перевод, нейронный машинный перевод, 100 новых учебников на казахском языке.

## TRANSLATION OF WRITTEN TEXTS INTO KAZAKH THROUGH GOOGLE AND YANDEX MACHINE TRANSLATION SYSTEMS

Tazhiyeva D.B.

undergraduate 1 year of study

ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

**Abstract:** The article considers translation of a written text into Kazakh through Google and Yandex machine translation systems. The Kazakh texts produced are compared to the translation of Steven Pinker's «The Language Instinct» textbook made by professional translators of the «100 New Textbooks» project. The quality of work of two different machine translation systems and their potential in Translation Studies are evaluated.

**Keywords:** written translation, statistical machine translation, hybrid machine translation, neural machine translation, 100 New Textbooks.

## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАҢҚТЫ ЖЫРАУЫ ҚОЖАБЕРГЕН

*Даулетхан Құралай*

*Kura.505@mail.ru*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*

*Қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты*

*Ғылыми жетекшісі - Байтанасова Қ.М. Нұр-Сұлтан қ.*

*ф.ғ.к., профессоры*

Қазақ хандығының құрылуы мен оның дербес мемлекет болып, алысқа айбар, жақынға сұс болып қалыптасуына елеулі үлес қосқан даңқты билеушілер мен абыз, би-шешендердің қатарында Қожаберген Толыбайсыншыұлы да бар.